

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ



**5B050800 –Есеп және аудит мамандығының**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламасының деңгейі:** Бакалавриат

**Дайындау бағыты:** Экономика және бизнес

**Берілетін дәреже:** Есеп және аудит мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры

Шымкент, 2016ж.

«5B050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011жылғы №152 ҚР БҒМ «Оқу үрдісін ұйымдастыруда кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту(ҚР БҒМ 2014жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БҒМ №343 (ҚР БҒМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді)бұйрығына сәйкес жасалынған «5B050800 - Есеп және аудит» мамандығының типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.

Құрастырушылар: 1. э.ғ.к., доцент Куланова Д.А.  
2.э.ғ.к., Сергазиева М.А.  
3. аға оқытушы Асилбеков Д.К.

«Экономика және есеп» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі Куланова Д.А.

ӘК төрайымы Абдикеримова Г.И.

Экономикалық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы Абдикеримова Г.И.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) бекітуге ұсынылды.

ОӘК төрайымы Қозбағарова Б.С.

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы</b> .....	5
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері .....	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы .....	6
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны .....	6
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген .....	6
1.2.3. Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары .....	6
1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы .....	7
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы .....	7
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі . .....	7
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері .....	7
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы .....	8
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары .....	9
1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны .....	9
<b>2. Оқытудан күтілетін нәтижелер</b> .....	<b>10</b>
<b>3. 5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер</b> .....	<b>12</b>
3.1 Шешуші құзыреттіліктер .....	12
3.1.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар .....	12
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар .....	12
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	12
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар .....	13
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер .....	13
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс .....	13
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы .....	13
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру .....	14
3.2.4 Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер .....	14
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік .....	14
<b>4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты</b> .....	<b>15</b>
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі .....	15
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау .....	15
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау .....	16
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі .....	16
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау .....	17
<b>5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар</b> .....	<b>17</b>
5.1 Міндетті пәндер каталогы .....	17
5.2 Элективті пәндер каталогы .....	17
5.3 Практика бойынша бағдарламалар .....	17
5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары .....	17
5.5 Студенттің жеке оқу жоспары .....	17

5.6 Жұмыс оқу жоспары .....	17
5.7 Академиялық календарь .....	17
5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны .....	17
5.9 Жиынтық кесте .....	18
5.10 Формуляр .....	18
5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы .....	18
5.12 Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер ..	18
<b>6. Білім беру бағдарламасын қолдау</b>	
6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы) .....	18
6.2 Материалды ресурстар (Материалды-техникалық база туралы) .....	18
6.3 Білім беру ресурстар (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы) .....	19
<b>7. 5B050800 – Есеп және аудит мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы .....</b>	<b>19</b>
<b>8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау .....</b>	<b>20</b>

## **1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы**

### **1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:**

5B050800 – Есеп және аудит дайындық бағыты бойынша жүзеге асырылатын жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасы аталған жоғары кәсіптік дайындық бағыты бойынша мемлекеттік білім беру стандартының негізінде еңбек нарығындағы талаптарды ескере отырып әзірленген құжаттардың жүйесі болып табылады. Жоғары кәсіптік білім берудің негізгі білім беру бағдарламасы аталған бағыт бойынша білім беру үрдісінің мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен жүзеге асыру технологиясын, бітірушінің білім сапасын бағалауды реттейді.

Заманауи университеттік білім берудің маңызды мәселелерінің біріне студенттердің дамыған елдерде орын алатын экономикалық үрдістердің мәні туралы бірінғай білім жүйесін қалыптастыру болып табылады. Университеттің түлегі экономика және қаржы саласындағы терең қолданбалы білімге ие болып, тәжірибелік қызметте теориялық үлгілерді пайдалана білуі керек.

Қаржылық жүйе кадрлары саласындағы еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін университет 5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша жоғары білімді мамандарды кешенді даярлауды жүзеге асырады.

Университеттің «Есеп және аудит» бағыты бойынша бакалаврларды даярлау тәжірибесі бар (2001 жылдан бастап) және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген. Жоғарыда аталғандарды ескере келе, «Есеп және аудит» бағыты бойынша білім беру бағдарламасын іске асыру негізделген болып саналады.

**Университет миссиясы:** Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту, ал «Есеп және аудит» бағыты бойынша білім беру бағдарламасының миссиясы – студенттердің тұлғалық қасиеттерін дамыту және МЖМБС және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес құзыреттіліктерді қалыптастыру.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты** – білім алушының жалпымәдени және жеке қасиеттерін, бітірушіге қаржы саласында және экономиканың нақты секторында, мемлекеттік және жеке қаржылар нарығында табысты жұмыс істеуіне және еңбек нарығында әлеуметтік-ұтқыр және бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік беретін жаңа үлгідегі экономист-қаржыгерлердің кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту.

Тәрбие беру саласында білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына білім алушылардың әлеуметтік-жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады: мақсаттылық, ұйымдастырушылық, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, азаматтық, жалпы мәдениетін жоғарылату, толеранттық, әлеуметтік білімді қалыптастыру және кәсіптік қызметтің 5B050800 – Есеп және аудит дайындық бағытына сәйкес әлеуметтік салдарын түсіну.

Оқыту саласында білім беру бағдарламасының жалпы мақсаттарына келесілер жатады:

- гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық, математикалық және жаратылыстану білімдерінің негіздері саласында дайындау;
- таңдап алынған қаржылық нарық сегментінде бітірушіге табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жоғары кәсіптік білім алу;
- «экономика және бизнес бакалавры» дәрежесін берілетін қорытынды мемлекеттік аттестацияны табысты тапсыру нәтижелері бойынша мамандандыруға сәйкес бакалавриат бағдарламасын игеруге білім алушыларды кәсіптік бағыттау.

Жалпы мақсаттарды нақтылау білім беру бағдарламасының кейінгі мазмұнымен жүзеге асырылады және білім беру бағдарламасын игеру нәтижелері ретінде құзыреттілік жиынтығында көрсетіледі.

Жалпы мақсаттарды нақтылау. Білім беру бағдарламасының келесі бөлімдерінің мазмұнымен жүзеге асырылады және білім бағдарламасын игерудің нәтижелері ретінде құзыреттіліктердің жиынтығында көрсетіледі.

Басты мақсат – оқу үрдісіне инновациялық технологияларды ендіру және білікті мамандарды дайындау арқылы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған білім беруді жүзеге асыру.

Білім берудің қағидалары білім беру мен ғылымның негізгі қағидаларына сәйкес құрылып, студенттердің академиялық ұтқырлығына және еңбек нарығында табысты бейімделуіне бағытталған.

Мамандық пәндерін оқыту стратегиясының алуан түрлігі және біріңғайлығы келесіні қарастырады:

- базалық тұжырымдамалардың, курсты ұйымдастырудың, сонымен қатар бағалау критерийлерінің, бақылау нысандары мен құралдарының бірыңғай болуы;

- мамандарды даярлау кафедраның талаптарына байланысты нақты курстың мазмұнын әзірлеген кезде арнайы мақсаттары мен мәселелерін есепке алатын стратегияның иілгіштігі;

- қазіргі заманғы білім беруді модернизациялау талаптарына жауап беретін оқытудың әдістемелік тәсілдерінің кешені ретінде түсінілетін пәндерді оқытуда заманауи білім беру технологияларын пайдалану.

Пәнаралық қатынас. Пәнаралық үйлестіру қағидасы түрлі пәндердің қайталануына жол бермейтін және білім алушының қоршаған ортаны және пәндер туралы біріңғай пікірді қалыптастыруды қарастырады. Нәтижесінде кәсіптік қызмет саласында жалпы ғылыми және мамандық пәндерін игеру кезінде коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оңтайлы жағдайлар құрылады.

Білім берудің кәсіптік бағыты оқу жоспарының пәндері бойынша білім алушылардың болашақ мамандығы бойынша кәсіптік бағыттау қағидасын қарастырады.

Заманауи білім беруді модернизациялау білім берудің мазмұнын жанартудың тұжырымдамалық негіздерін қарастырады. Осыдан келе осы бағдарламаны ендірудің мақсаттарына келесілер жатады:

1. болашақ мамандардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру;
2. сынақтарды жүргізудің барлық кезеңдерінде студенттердің өзіндік ізденіс-зерттеу қызметі үшін алғышарттар құру;

3. ғылыми-техникалық ақпаратпен, жұмыс істей білу, кәсіптік қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және қорытындылау.

Бакалаврдың кәсіптік қызмет түрлеріне сәйкес (білім берудің бірінші сатысы) МОБ келесі мәселелерді шешеді:

## **1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы**

### *1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны*

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы сол саладағы кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан экономика және бизнес тобына жатады.

*1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.*

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша бітірген түлекке «Есеп және аудит мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры» дәрежесі беріледі.

Білім беру бағдарламасы зерттеу, ұйымдастырушылық-басқару, есептеу-жобалау, білім беру, экономикалық, талдау, кеңес беру жұмыстарын орындау мақсатында дайындауға бағытталған.

### *1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары*

5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығын бітірушілер келесі ұйымдар мен мекемелерде жұмысқа орныласу мүмкіндіктері бар:

- республикалық және аумақтық деңгейдегі мемлекеттік органдар;
- ҚР Қаржы министрлігі;
- ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігі;
- ҚР Ұлттық Банкі;
- ҚР Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарының қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттік;
- министрліктер мен ведомстволардың экономикалық қызметтері;
- банктер;
- сақтандыру, зейнетақы, ипотекалық және лизингтік компаниялар;
- ломбардтар, несиелік серіктестіктер;
- биржалар;
- бюджеттік мекемелер мен ұйымдар;
- инвестициялық қорлар;
- түрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандағы шаруашылық субъектілер;
- экономикалық соттар;
- экономикалық қылмыс және жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі (Қаржы полициясы);
- ғылыми-зерттеу ұйымдары;
- жоғары білім беруге дейінгі ұйымдар (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер).

### **1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы**

#### *1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы*

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврының кәсіптік қызмет аясы болып ұйымдастыру-басқарушылық, экономикалық, зерттеу, есептеу-жобалау, білім беру, талдау және кеңес беру салалары табылады.

#### *1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі*

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалаврының кәсіптік қызмет объектілеріне келесілер жатады: кәсіпорындардың мүлігі, оның міндеттемелері, капитал және активтердің және оны қалыптастыру көздерінің құрамында, орналасуында өзгеріс әкелетін шаруашылық операциялар және экономиканың түрлі салаларының ұйымдары: мемлекеттік басқару органдары (министерліктер және ведомстволар, салық комитеті, Статистика жөніндегі Агенттік); ғылыми-зерттеу мекемелері, түрлі ұйымдастыру-құқықтық нысандардағы кәсіпорындар мен фирмалар, банк жүйесі.

#### *1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері*

Экономика және бизнес бакалавры алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана білу, ұйымның қызметі туралы ақпаратты жинау, талдау, талқылау, қорытындылау, бағалай алуы тиіс.

5B050800 – Есеп және аудит мамандығы бойынша бакалаврлар келесі кәсіптік қызмет түрлерін орындай алады:

#### *Ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:*

- мемлекеттік қызметте (қаржылық және салық органдарында, экономикалық соттарда), қаржылық басқармалар мен кәсіпорындардың бөлімдерінде, сақтандыру ұйымдарында, банктерде және басқа да қаржылық мекемелерде.

- бітіруші қаржылық және салық органдарында, кәсіпорындарда, сақтандыру компанияларында, банктерде және басқа да қаржылық мекемелерде жұмыс істеу дағдыларын меңгеріп, бухгалтерлік есептің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру-технологиялық негіздерін құруға қатысып, басқа мамандармен бірлесе отырып

басқарудың тиімді әдістерін, бизнесті ұйымдастырудың ережелері мен үрдістерін пайдаланып, капитал нарығындағы қаржылық институттардың қызметіне белсенді қатысып, компанияның корпоративтік беделін дамыту керек.

*Экономикалық қызмет саласында:*

- қызметті ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, әдістері мен тәсілдерін дамыту және түзету қажеттіліктерін кәсіби түсіну;

- нарықтық шарттардың бағыттарын білу (бағалардың толқуы, инфляция деңгейі және пайыздық ставкалар);

- тиісті экономикалық құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржылық көрсеткіштерді пайдалану білу.

- бітірушілердің есептік-жобалау қызметі компания қызметін кеңейту үшін несиелерді алуға қажетті немесе жаңа кәсіпорын немесе экономикалық жобаны ендіруге байланысты арнайы құжаттардың тиімділігін талдау үшін мәліметтерді, жобаларды техника-экономикалық негіздеумен сипатталады.

*Зерттеу қызметі саласында:*

- жоғарғы оқу орындарының, зертханалардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың зерттеу топтарының, корпорациялардың, ғылыми-зерттеу институттардың зерттеу бағдарламаларына және аймақтық және халықаралық ғылыми-өндірістік, ғылыми-техникалық ынтымақтастық шегіндегі бағдарламаларға сәйкес жұмыс жүргізу;

*Есептік-жобалау қызметі саласында:*

- шаруашылық субъектілердің, сақтандыру компаниялардың, екінші деңгейлі банктердің, бағалы қағаздар нарығының қаржылық қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлеу; жергілікті бюджеттердің жобалардың және кәсіпорындардың бизнес-жоспарларын құру;

- кәсіпорынның, сақтандыру ұйымдарының, коммерциялық банктердің қаржылық жағдайын бағалау бойынша есептеулерді жүзеге асыру;

- инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, қарыз алушылардың несие қабілеттілігін талдау, жаңа өнім түрлерін, инновацияларды, технологияларды, ноу-хауды қаржыландырудың қосымша көздерін тартуды негіздеу;

- бағалы қағаздар нарығы портфелінің тиімділігін бағалау, капиталдың құрылымын оңтайландыру.

*Білім беру қызметі саласында:*

- мектептерде, лицейлерде, гимназияларда қаржыны, салықты, банк ісін, бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру бойынша курстарды оқыту;

- басқа профильдегі мамандар үшін оқыту курстары мен семинарларға қатысу;

- төменгі білім беру мекемелерінде (мектептер, колледждер, гимназиялар, лицейлер) ассистент ретінде оқу жұмыстарын орындау.

*Талдау қызметі саласында:*

- басқару нысанының берген тапсырмаларын орындау тиімділігін талдау және бағалау.

*Кеңес беру қызметі саласында:*

- салық салу, бюджет және қаржы нарығының қызметі бойынша кеңес беру.

#### *1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы*

- есептік және статистикалық ақпаратты жинақтау, мәліметтерді өңдеу және оны басшылармен, инвесторлармен, кредиторлармен, ішкі және сыртқы пайдаланушылармен басқару шешімдерін қабылдау үшін қолдануға дайындау;

- қаржыландыру, несиелеу, қарыз алу, баға белгілеу, инвестициялау, өндірістік әдістер бойынша баламалы шешімдерді талдау және бағалау;

- кәсіпорындар мен мемлекеттік және жеке сектордағы мекемелердің, бүкіл экономиканың қаржылық және қаржы-шаруашылық қызметін басқару және бақылау;



- бухгалтерлік есепті жүргізу үрдісінің заңнамалық-нормативтік актілерге сәйкестігі, кеңес беру қызметтерін көрсету (аудиторлық және кеңес беру қызметі);
- ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті құрастыру;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастыру;
- салық есептілігін құрастыру және салықтар бойынша декларацияларды толтыру;
- бухгалтерлік есепті қалпына келтіру және ХҚЕС сәйкес жүргізу;
- бухгалтерлік есепті реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу (нормативтік-әдістемелік қызмет).

### *1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары*

Экономика және бизнес бакалаврының кәсіптік қызметінің типтік мәселелеріне келесілер жатады:

- оперативтік басқару үшін қажетті қаржылық жағдай мен қызмет нәтижелері және қаржы жағдайындағы өзгерістер туралы толық және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету және оларды инвесторлармен, жабдықтаушылармен, сатып алушылармен, мемлекеттік органдармен, банктермен және басқа да мүдделі тұлғалармен пайдалану, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру ережелері мен қағидаларын бекітеді;

- аудит және талдаудың әдістемесі мен техникасына қатысты мәселелер бойынша есеп саясатын, нұсқаулар мен ережелерді әзірлеу;

- ғылыми негізделген көрсеткіштер жүйесінің негізінде қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үрдістердегі қайта құруларды жан-жақты зерттеу;

- ұлттық экономиканың даму беталысын қорытындылау және болжау;

- өндірістің тиімділігін жоғарылатудың резервтерін анықтау;

- пайдаланушыларды сенімді ақпаратпен уақытылы қамтамасыз ету.

### *1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны*

Осы бағыттағы бакалавр:

- қаржылық есеп пен есептіліктің ролі мен қағидаларын бейнелеу;

- ұйымның есеп саясатын әзірлеу;

- бухгалтерлік есепті дұрыс ұйымдастыру және шаруашылық операцияларды жүргізу;

- есептік құжаттарда мүліктің, міндеттемелер мен капиталдың қозғалысын уақытылы есепке алу;

- ХҚЕС сәйкес ұйымның қаржылық есептілігін дайындау;

- әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси құбылыстардың өзгерісін талдау;

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болжамдарды құрастыру;

- әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың құрылымын және олардың жиынтығын зерттеу;

- бухгалтерлік есептің әдістемесін меңгеру;

- өз көзқарасын дәлелді баяндау;

- зерттеліп отырған үрдістердің дамуының беталысын талдау негізінде анықтау;

- ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

- басқарушылық және өндірістік қызметтің деңгейін жоғарылату қабілеттілігі;

ХАС сәйкес шаруашылық субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы мен аудитін жүргізу.

## **2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

Дублин дескрипторларын ескере отырып 5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры оқыту нәтижелері бойынша білуі тиіс:

### **Білу және түсіну (Дескриптор А):**

- біліктілігі және экономикалық ойлау мәдениеті жоғары бітірушіні қалыптастыруға ықпал ететін экономикалық пәндер саласындағы (микро-, макроэкономика, экономикалық теория және и т.д.) білімдер;
- қоғамдық нормаларға негізделген құндылықтарды және оларды өзінің кәсіптік қызметінде басшылыққа алу;
- экономикалық заңдылықтардың негіздерін, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.б. туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыру;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен әдістері, мемлекеттік сектордың экономикадағы ролі;
- ҚР Конституциясының негіздері, Қазақстан Республикасындағы және халықаралық қатынастардағы шаруашылық үрдістерді реттейтін заңнамалық нормалар;
- нақты субъект және қоғам, адам және қоршаған орта арасындағы тұлғааралық қатынастарды реттейтін этикалық және құқықтық;
- біліктілігі және экономикалық ойлау мәдениеті жоғары бітірушіні қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану-ғылыми пәндер саласындағы (әлеуметтік, гуманитарлық) білімдер;
- қаржы-бюджеттік және ақша-несиелік реттеуді ұйымдастырудың негіздері, қаржы-банк жүйесінің әрекет етуінің теориялық және тәжірибелік тұстары, мемлекеттік қаржыны және корпорациялардың қаржыларын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі, сонымен қатар нарықты реттеу үшін қаржы-несиелік құралдарды пайдаланудың әлемдік тәжірибесін;
- қоғамның дамуы, мәдениеттің, өркениеттің, әлеуметтік тәжірибе нысандарының көп түрлігі;
- жеке тұлға мен әлеуметтік тұлғаның өзара байланысты қарастыратын қоғамдық құрылыстың объективті заңдары;
- отандық және әлемдік экономиканың дамуының қазіргі беталысымен өзара байланыста болатын экономикалық ғылымның теориялық-әдістемелік негіздері;
- экономиканың жаһандануы жағдайында отандық тәжірибеде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын қолдану;
- әлемдік саяси, әлеуметтік, экономикалық үрдістер;
- халықаралық экономикалық ұйымдар қызметінің мақсаттары мен мәселелері (ДСҰ, ХВҚ, ЕҚ және т.б.).

### **білімді қолдану және түсіну (Дескриптор В):**

- қазіргі заманғы ақпарат ағындарына бағытталу және қарқынды өзгеретін құбылыстар мен әлемдік экономикадағы үрдістерге бейімделу;
- белгісіздік және экономикалық тәуекелділік жағдайында экономикалық сипаттағы шешімдерді қабылдау;
- бизнес-жоспарларды, экономикалық даму болжамдарын құрастыру;
- әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістерді бағалау және талдау, өнеркәсіптік дамыған елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін Қазақстанның экономикасына ендіру;
- кәсіптік функцияларды жүзеге асырумен байланысты мақсаттарды белгілеп, мәселелерді айқындау;
- типтік және стандарттық емес есептерді шешу, талдау қабілетін талап ететін қызметтерде жұмыс істей білу;
- ақша, несие, қаржы, құқық теориялары туралы білімді өзіндік тәжірибелік қызметте пайдалану;

- ҚР-ның заңнамалық актілерімен және халықаралық құқық нормаларымен қарастырылған құқықтық өріс шегінде жүйенің, органның, шаруашылық субъектінің тұрақты әрекет етуі үшін қаржылық-құқықтық тетіктердің нысандары мен әдістерін қолдану;

- қаржылық институттар мен банк жүйесінде кез келген қаржылық-несиелік мекеменің орнын бағалау;

- шаруашылық тәжірибеде экономикалық талдау әдістерін қолдану;

- жағымды шетелдік тәжірибені қорытындылау және отандық жағдайларға бейімдеу.

**пікір айтуды қалыптастыру (Дескриптор С):**

- экономикалық, қаржылық және салықтық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде;

- экономикалық ғылымның заңдылықтарын және даму беталысын ескере отырып оңтайлы, тиімді шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру кезінде;

- қаржылық операцияларды ұйымдастыру үрдісінде жүргізілген жұмыстарды талдау кезінде;

- нормативтік құжаттар мен қаржыгерлердің тәжірибесін талдау кезінде;

- экономикалық құбылыстарды талдау және бір жүйеге келтіру кезінде;

- экономикалық ғылымның қазіргі заманғы даму беталысы саласындағы зерттеулердің сапасын бағалаған кезде;

- әлеуметтік баламаларды жауапкершілікпен таңдаған кезде.

**білім алу дағдыларына және білім алу қабілеттілігіне ие болу (Дескриптор D):**

- түрлі экономикалық жағдайларда дұрыс бағыт таңдау, командада жұмыс істеу қабілеттілігі, өз көзқарасын дұрыс ұстану, жаңа шешімдерді ұсыну;

- келісімділікке қол жеткізе білу, өз пікірін ұжымның пікірімен ұштастыра білу;

- іскерлік этика нормаларын сақтау, өзін-өзі ұстаудың этикалық және саналық нормаларын ұстану;

- берілетін ақпараттың мәнін жоғалтпай, тиімді коммуникацияларды құру;

- шетел тілінде диалог ұйымдастыра білу;

- ашық түрдегі баяндамалар жасаған кезде сөйлеу мәдениетінің ережелерін сақтау;

- экономикалық тақырыптарда жарыссөздер кезінде өзіндік позициясын дәлелдеу қабілеттілігі;

- шешендік өнерді, ауызша және жазбаша сөз сауаттылығын меңгеру, өз жұмысының нәтижелерін ашық баяндай білу, білім алушыларды ынталандыру мақсатында презентацияның түрлері мен әдістерін іріктеп алу, олардың экономикалық пәндерді оқу қызығушылығын дамыту;

- сқаржы саласындағы бірлескен ғылыми зерттеулерді жүргізу кезінде командада әлеуметтік әрекеттесуді тиімді жүзеге асыру қабілеттілігі;

**оқу дағдыларына және білім алу қабілеттіліктеріне ие болу (Дескриптор E):**

- күнделікті кәсіптік қызметке қажетті жаңа білімдерді күнделікті алу (кәсіптік практика, бизнес-жоспарлау, диплом жұмысын жазу);

- кейінгі оқу үшін қажетті материалдарды өзіндік зерттеу;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеу және бағалау;

- өзіндік қызмет нәтижелерін және рефлексияны бағалау қабілеттілігі;

- қажетті ақпаратты өздігінше іздеу, талдау және іріктеу, оны ұйымдастыру, өңдеу, сақтау және ұсыну қабілеттілігі;

- экстрафункционалдық және поликәсіптік білім мен қабілеттіліктерге ие болу арқылы жағдайлар өзгерген кезде жылдам бейімделу қабілеттілігі, қазақ мәдениетінің (менталитетінің) қазақстандық рухани құндылықтардың, өзге мәдениеттер мен білім кеңістіктерінің шегінде кәсіптік-ұтқырлық қасиеттерін жүзеге асыру;

- өзіндік білім алу және еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдылары.

**3. 5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер:**

**3.1 Шешуші құзыреттіліктер**

**3.1.1 Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:**

- Оқуға қабілетті болуы және жаңа білімді табиғи-ғылымдық және техникалық пәндер саласынан алу, білімді кәсіби деңгейде қолдану және түсіну.

- Күнделікті кәсіби қызметке және ары қарай білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді алуға машықтана білу.

- Әр түрлі дерек көздерінен ақпаратты табу, өңдеу және талдай білу.

- Ақпараттың сенімділігі мен дәйектігін бағалауға қабілетті болу және соның негізінде әрекет ету.

**3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен мемлекеттік жобаланған құжаттарды өз қызметінде қолдануға қабілетті болу.

- Қазақстан Республикасының негізгі заңдылықтары мен құқықтық жүйесін білу.

- Қоғамның әлеуметтік дамудағы беталысын білуге қабілеттілік.

- Өз қызметінде нормативтік және құқықтық құжаттарды қолдана білуге қабілеттілік.

- Мәселелерді анықтау, қалыптастыру және шешуге қабілетті болу.

- Базалық мәдениет құндылықтарын түсіну және сақтау, азаматтық және адамгершілік қасиеттерге ие болу.

- Этикалық нормаларға сәйкес әрекет етуге қабілетті болу.

- Басты кәсіби қасиеттерге ие болу, жұмыс беруші тарапынан болған барлық заманауи талаптарға жауап беру.

- Искерлік этика нормасын сақтауға қабілетті болу, өзін ұстауда этикалық және нормалық қасиеттерге ие болу.

- Әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағдарлануға қабілеттілік.

Кәсіби этикалық талаптарды білу және осы талаптарға сәйкес әрекет етуге дайын болу; этикалық өзін ұстауда артқа шегінбеуге қабілетті болу, өзге тұлғаларға да қатысты солай әрекет ету; этикалық өзін ұстау ережесін сақтауда азаматтық жауапты және талап етуші бола білу.

**3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:**

- Экономиканың мемлекеттік сектордағы орнын білу, экономиканың мемлекеттік реттеу әдістері мен мақсатын түсіну, білу.

- Негізгі экономикалық түсінік болу, қаржы, маркетинг және менеджмент туралы түсінік болуы.

- Инновациялық қызметке қабілетті болу.

- Ресурс қажеттіліктерін бағалауға қабілетті болу және оларды кәсіби мәселелерді шешуде қолдануды жоспарлай білу.

- Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдануға қабілетті болу.

- Кәсіпкерлікке және ықылас танытуға қабілетті болу.

- Ықылас таныта білу және мәселені ұйымдастырушылық-басқарушылық шешім таба білу.

- Ұйымдастыруға және жоспарлауға қабілетті болу.

- Қоршаған ортаны күзетуге және қорғау сұрақтарына жауапкершілікпен қарау.

- Мақсат қоя білу және оған жетуге қабілетті болу.

- Өзара әрекеттестікке ықылас таныту және нәтижесіне жауапкерлікпен қарауға қабілетті болу.

- Өмірдің және қызметтің әр түрлі салаларында алынған қабілеттілік пен білімді

қолдана отырып жаңа идеяларды туғызу және оларды жүзеге асыру.

- Қоршаған ортаны басқару және түсінуге, мәселені шешуге және мәселелерді шеше білуге қабілетті болу.

Ақпараттық жүйемен және мәліметтермен жұмыс істеуге қабілетті болу.

**3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:**

1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;

2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;

3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы.

## **3.2 Кәсіби құзыреттіліктер:**

### **3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс:**

A1 – Есеп және аудиттің негізгі түсініктерін, заңдарын және теориясын **білу**.

A2 – Есеп және аудиттің және аралас пәндердің теориялық негіздерін **білу**, олардың ғылыммен байланысы және ғылым жүйесіндегі орны**түсінуі**.

A3 – Есеп және аудит ғылымының даму тарихын және қазіргі кезеңдегі жағдайын, құндылығын **білу**.

A4 – Халық шаруашылығындағы экономиканегізгі мәселелерін, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін, есеп және аудит өндірістердің негіздерін **білу**.

A5 – Есеп және аудитта оқытуда инновациялық технологияларды қолдана **білу**.

A6 – Білім берудің түрлі деңгейлеріндегі білім беру бағдарламасына сәйкес тәрбиелеу, дамыту және оқытудың теориясын білу.

### **3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы:**

V1 - Қойылған мәселелерді шешу үшін өзіне жауапкершілік алу, оған басқаларды тарту, қол астындағыларын қолдау және жұмысқа қажетті заттармен қамтамасыз ету қабілеттілігі.

V2 - Күнделікті мәселелерді, әсіресе тұлғааралық шиеленістерді сабырлы, саналы, творчестволық тұрғыда шешу қабілеттілігі.

V3 - Қаржы және несие, құқықтану, бухгалтерлік есеп және бақылау, шаруашылық қызметті талдау, статистика, кәсіпкерлік пен коммерцияның, аудиттің, бағалы қағаздар нарығының, маркетинг пен менеджменттің, экономика-математикалық модельдеудің, арнайы қаржы-несиелік және құқықтық пәндер саласындағы кәсіби білім мен дағдыларын пайдалану қабілеттілігі.

V4 - Қаржы-бюджет саласындағы, банк және сақтандыру ісіндегі, салық салудағы, қор және валюта нарықтарындағы, заң қызметтеріндегі тәжірибелік жұмыстарды үнемі өзгеріп отыратын экономикалық конъюнктура жағдайында жүргізу қабілеттілігі.

V5 - Ақпарат ағындарында бағытты ұстану, белгілі бір критерий бойынша ақпарат көздерін табу және жүйелеу, ақпаратты алудың, қайта құрудың, сақтаудың оңтайлы тәсілдерін пайдалану, интеллектуалдық-танымдық қызмет жағдайларында олардың өзектілігін арттыру қабілеттілігі.

V6 - Нақты экономикалық жобаны жүзеге асыру үшін құрылған кіші топ қызметін ұйымдастыру қабілеттілігі.

V7 - Коммуникативтік есептерді шығару үшін заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды пайдалану қабілеттілігі.

V8 - Басқару шешімдерінің ұсынылған нұсқаларын бағалау және әлеуметтік-экономикалық тиімділік критерийлерін, тәуекелділіктер мен мүмкін болатын әлеуметтік-экономикалық салдарын ескере отырып оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және негіздеу қабілеттілігі.

### **3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру:**

С1 - Шаруашылық субъектілердің ағымдағы қаржы-экономикалық қызметін жүзеге асыру бойынша кәсіптік міндеттерді орындау, қазіргі заманғы қаржылық және несиелік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және ұсыну қабілеттілігі.

С2 - Қаржы және ақша-несие қатынастары саласында тиісті құзыреттіліктерге ие мемлекеттік және басқа да органдардың лауазымды тұлғаларының қызметтерін жүзеге асыру қабілеттілігі.

С3 - Стратегиялық, ағымдағы және оперативтік болжамдарды, жоспарларды, бюджеттерді әзірлеуді ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді дайындау, олардың орындалу барысының мониторингін, талдауын және бақылауын жүзеге асыру қабілеттілігі.

С4 - Тәуекелділіктерді талдау және бағалау, оларды төмендету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру, тәуекелдерді бағалау, қаржылық жоғалтуларды төмендету үшін қаржылық ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалау қабілеттілігі.

С5 - Орындалатын операциялардың шеңбері бойынша басқару шешімдерін қабылдауды негіздеу қабілеттілігі.

С6 - Кәсіпорындар мен ұйымдардың, сонымен қатар мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіру бойынша нұсқауларды әзірлеу және жүзеге асыру қабілеттілігі.

С7 - Қазақстан Республикасындағы қаржылық-несиелік тетіктерді жетілдіру мақсатында шетелдік тәжірибені пайдалану қабілеттілігі.

### **3.2.4 D - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер:**

D1 - Топта жұмыс істей білу, өзінің көзқарасын нақты білдіру және жаңа ұсыныстар жасауға қабілетті болу.

D2 - Жанжалды шеше білуге және келіссөздер жүргізуге қабілетті болу.

D3 - Ұжым мен өз пікірін ұштастыра білу, мәмлеге келуге қабілетті болу.

D4 - Шешім қабылдауға және өзіне жауапкершілік алуға қабілетті болу, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу.

D5 - Ұжымның жұмысына дайын болу, өзінің шығармашылық міндеттерін орындау және ұжымның басқа мүшелерімен араласу.;

### **3.2.5 E - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік:**

E1 - Әлеуметтік-экономикалық үрдістерді реттеуде экономикалық категорияларды қолдану қабілеттілігі.

E2 - Қаржы-несие саясаты стратегиясының негізгі бағыттарын анықтау және оны жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру.

E3 - Қаржылық, сақтандыру нарықтары қатысушыларының есептіліктерін құрастыру қабілеттілігі;

E4 - Жалпыәлемдік сипаттағы әдістер мен құралдарды пайдалана отырып жұмыс істеу қабілеттілігі, бизнесті жүргізуде, түрлі ақпараттарды қолдану тұсында этикалық құндылықтарды сақтау.

E5 - Шаруашылық субъектілердің, сақтандыру компаниялардың, екінші деңгейлі банктердің, бағалы қағаздар нарығының қаржылық қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлеу, жергілікті бюджеттердің жобаларын, кәсіпорындардың бизнес-жоспарларын құрастыру, кәсіпорынның, сақтандыру компанияларының, коммерциялық банктердің қаржылық жағдайын бағалау бойынша есептеулерді жүргізу.

E6 - Шаруашылық субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін есептеуге қажетті бастапқы мәліметтерді жинау және талдау қабілеттілігі.

E7 - Шаруашылық субъектілердің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді типтік әдістемелер мен іс жүзіндегі нормативтік-құқықтық базаның негізінде есептеу қабілеттілігі.

Е8 - Экономикалық жоспарларды құру үшін қажетті есептеулерді орындау, оларды ұйымда қабылданған стандарттарға сәйкес негіздеу және жұмыс нәтижелерін ұсыну қабілеттілігі.

#### **4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты**

##### *4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі*

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қаулыларымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығына арыз қабылдау оқу орнының қабылдау комиссиясымен 20 маусымнан бастап 25-ші тамызға дейін жүргізіледі.

5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығына түсуші талапкерлер үшін география - бейінді пән болып табылады.

Студенттер қатарына қосу университет Ректоры бұйрығымен 10-шы және 25-ші тамыз аралығында болады.

Бакалавриат мамандығына ақылы негізде саналады:

- ҰБТ-тен өткен, тестілеу нәтижесінде кем дегенде 50 балл жинаған, орта және жалпы білім ұйымдарының бітірушілері;

- КТА өткен, тестілеу нәтижесінде кем дегенде 50 балл жинаған, кәсіби және техникалық білім ұйымдарының бітірушілері және өткен жылғы жалпы, орта білім ұйымдарының бітірушілері;

- Сұхбаттасудан өткен қорытынды нәтижесінде жоғары білімді ұйым бітірушілері.

2, 3 курста академиялық білім беру бағдарламасы бойынша тілек білдірген білім алушылардың оқу жоспарларында пән айырмасы белгіленген міндетті компоненттен аспауы тиіс.

##### *4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» бұйрығына (2010 жылы бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

- *ауызша сұрақ-жауап* – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айту және ситуацияны талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;

- *жазбаша бақылау* – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, ситуацияларды талдау, шешім қабылдау, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

- *аралас (комбинированный) сұрақ-жауап* – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

- *үй тапсырмасын презентациялау және қорғау* – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау;

- *лабораториялық жұмыстарды қорғау* – техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

- *тесттер* – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті тұрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар жиынтығы;

- бақылау жұмыстары – теориялық материалдарды бақылау;  
 - практикалық жұмыстар - техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

#### 4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» (бұл бұйрыққа 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немес тест түрінде емтихан тапсырады.

Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 жүйемен жүргізіледі.

8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

#### 4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін белгіленген 168 ҚР кредиттері және 250 ECTS кредиттерді жинау керек.

Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-65 ECTS академиялық кредиттері есептелген.

Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс.

Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.

Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндетті түрде оң баға болуы тиіс.

Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі.

Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

#### Кесте 1.

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Балл	ECTS бойынша бағалау
Өте жақсы	A	4,0	95-100	95-100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	
Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	
Қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	C (жақсы)



	C	2,0	65-69	65-69	D (қанағаттанарлық)
	C-	1,67	60-64	60-64	
	D+	1,33	55-59	55-59	E (қанағаттанарлық)
	D	1,0	50-54	50-54	
Қанағаттанарлықсыз	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлықсыз)

#### 4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау.

Жоғары білім беру бағдарламасының талаптарын орындап, мемлекеттік қорытынды аттестациядан сәтті өткен тұлғаларға 5B050800 – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.

Есеп және аудит мамандығын бітірушілердің жұмысқа орналасу динамикасы жылдан жылға артып келеді.

## 5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар

### 5.1 Міндетті пәндер каталогы

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

### 5.2 Элективті пәндер каталогы

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің қажеттіліктерін есепке алатын таңдау компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, педагогикалық және өндірістік-дипломалды практикалардан өтуі шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Мамандықтың үлгілік оқу жоспары* (міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу құжаты). **Қосымша 4.**

Үлгілік оқу жоспары - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

### 5.6 *Жұмыс оқу жоспарының үлгісі.* **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін оқу құжаты;

### 5.7 *Академиялық календарь.* **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

### 5.8 *Білім беру бағдарламасының мазмұны.* **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын күзиреттіліктер.

### 5.9 *Жиынтық кесте. Қосымша 9.*

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесіндісінде меңгерілген кредиттер көлемін бейнелейтін жиынтық кесте.

### 5.10 *Формуляр. Қосымша 10.*

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетілген.

### 5.11 *Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы. Қосымша 11.*

Пәндер бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілген.

### 5.12 *Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер Қосымша 12.*

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер.

## **6. Білім беру бағдарламасын қолдау**

### **6.1 *Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)***

Интеллектуалды ресурстар - кафедрадағы оқытушы-профессор құрамының ғылыми дәрежелілігімен сипатталады.

Бүгінгі таңда мамандықтың кәсіби пәндерін оқытатын 5 профессор-оқытушы жұмыс істейді, соның ішінде 1 - ғылым докторы, профессор - 1, ғылым кандидаттары - 2. Жалпы алғанда кафедрада ғылыми дәрежелік 60 % пайызды құрайды.

Мамандыққа жалпы білім беру циклдері пәндерін оқытатын оқытушылар да бар.

Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы жыл сайын біліктілігін көтереді. Біліктілігін көтергеннен растайтын құжат ретінде сертификаттың көшірмесін кафедраға өткізіп отырады. Кафедра оқытушылары марапаттаулар мен алғыс хаттарға ие. Сонымен қатар, кафедраның жетістіктері ретінде халықаралық түрлі марапаттауларға ие болған төмендегі профессорларды атап өтуге болады:

1. Э.ғ.д., профессор Джуманов А. «За выдающийся вклад в развитие биологической науки, генетики, селекции и растениеводства» деген Н.И. Вавилов атындағы белгімен марапатталды. Москва, 2013 жыл.

2. Э.ғ.к., доцент Садыкбекова А.А. «За инновационные разработки по оценке и паспортизации аридных пастбищ Казахстана» атты алтын белгімен марапатталды. Москва, 2013 жыл.

3. Э.ғ.к.,

### **6.2 *Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)***

Материалды-техникалық база –Есеп және аудит мамандығының спецификасына сәйкес жабдықталған. Оқу пәндеріне байланысты 5 оқу кабинеттері жабдықталған: интерактивті тақтасы бар 2 кабинет, 1 мультимедиалық кабинет бар.

Сонымен қатар, студенттерді практикадан өткізу үшін төмендегі базалық мекемелермен келісімшарттар жасалған:

1. Шымкент университеті базасындағы зертхана;
2. Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы;
3. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Өсімдіктер экологиясы және Биотехнология» ғылыми-зерттеу институты;
4. Оңтүстік- Батыс өсімдік және мал шаруашылығын зерттеу институты;
5. Университет базасы құрамындағы Биотехнология мәселелерін зерттеу институты;
6. Шымкент қаласындағы мектептермен;
7. № 91 Жалпы орта мектебі;
8. № 24 ЖОМ
9. №102 ЖОМ
10. Шымкент қаласы, Сорт сынау инспектурасы;

Осы мекемелерде студенттер іс-тәжірибеден ғана емес, кейбір пәндерден зертханалық тәжірибеден өтеді.

### 6.3 Білім беру ресурстар (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)

Білім беру ресурстары - кітапхана қоры мен электронды оқулықтармен және кафедрада дайындалатын оқу-әдістемелік кешендермен, интернет желісімен сипатталады. университетте электронды оқу залдары ұйымдастырылған. Аталған оқу залында Республикалық кітапхана қорында бар барлық кітаптармен жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында шетел елдік ұйымдармен халықаралық келісімшарттар жасалған.

1. Халықаралық ғылыми байланыстар:
2. Аахен университеті (Германия)
3. Меморандум о научном сотрудничестве г.Ирвайн, Калифорния, США.
4. И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бишкек.

## 7. 5B050800 – Есеп және аудит мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы

№	Қызмет түрлері	Кредиттер саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	<b>129</b>	<b>105</b>	5805
	Міндетті пәндер компоненті	58		
	Таңдау пәндері компоненті	71		
2	Дене шынықтыру (4семестр) (2:0)	<b>8</b>	<b>60</b>	240
3	Қорытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	<b>3</b>	<b>6</b>	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	<b>Жиыны:</b>	<b>140</b>	<b>111</b>	<b>6360</b>
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	6	5-11	150-330
	1) оқу (1:0)	2	1	30
	2) өндірістік (1:2)	4	5	150
	3) дипломалды (1:2)	4	5	150
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Емтихан сессиясы (7x3 апта.)	-	<b>21</b>	-
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b> <b>(52 апта x 4 жыл - 8 пта=200)</b>	<b>146</b>	<b>200</b>	<b>6510-6690</b>

### Ескертпе:

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 2 кредит көлемінде, ал өндірістік және дипломалды практиканың жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.

4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабақтары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.

5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).

6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.

7. Жазғы семестрдемалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.

8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды практиканы ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

### **8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау**

*Білім беру бағдарламасын оқытудың соңғы нәтижесін талдауды есепке ала отырып, модернизациялау (жаңашаландыру)*

Оқыту нәтижесіне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.